

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 және 2000 жылғы 5 маусымдағы N 841 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 қаңтардағы N 13 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12.

N 578 *(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасына тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат):

Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялаудың тәртібінде:

5 - т а р м а қ т а :

в) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"егер өтінім беруші ретінде делдал қатысса, тауарды экспорттаушы және өндіруші немесе импорттаушы және тұтынушы арасындағы шартты";

мынадай мазмұндағы к) тармақшасымен толықтырылсын:

"к) ұсынылатын құжаттардың тізімдемесін";

он үшінші абзацтағы "г", "е" деген сөздердің алдынан "в", "д" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

"Өтініш Лицензиардың деректер банкінде тіркеуге жатады.

Лицензия немесе лицензия беруден бас тарту туралы дәлелді шешім барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін он күн мерзімнен кешіктірілмей беріледі.";

7 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "алты" деген сөз "тоғыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"ұзартылуы мүмкін" деген сөздердің алдынан ", бірақ, бір күнтізбелік жылдан асырылмай" деген сөздермен толықтырылсын;

"жолдайды" деген сөз "ұсынады" деген сөзбен ауыстырылсын;
"өтініш" деген сөз "өтінішті, бірақ, лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Лицензия жоғалған кезде лицензиаттың телнұсқаны алуға құқығы бар. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша он күн ішінде лицензияның телнұсқасын беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына алым төлейді.";

2) *күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетін сыртқы сауда қызметін реттеу жөнінде қазақстан тарабы қабылдайтын шаралар туралы хабардар етсін.

3. Жарияланған күнінен 30 күн өткеннен кейін күшіне енетін осы қаулының 1-тармағы 2) тармақшасынан басқасы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі